

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының 1997 жылға арналған бюджеті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 6 ақпан N 167

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының 1997 жылға арналған бюджеті қосымшаға сәйкес кірісі бойынша 6630.0 млн. теңге, шығысы бойынша - 6630.0 млн. теңге сомасында бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының 1997 жылға арналған бюджетінің кірісі меншік нысаны мен қызметінің түрлеріне қарамастан жұмыс берушілердің, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтардың сақтандыру жарналарының есебінен құралады деп белгіленсін.
3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қосымшада көрсетілген жәрдемақыларды төлегеннен кейін, облыстар бойынша мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына түскен қаражаттың қалдығын кейін аймақтар бойынша қайта бөлу үшін Республикалық қордың шотына орталықтандыруды қамтамасыз етсін.
4. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына сақтандыру жарналарының толық және уақытылы жиналуын, сондай-ақ төлеу мен өтеудің белгіленген тәртібін қатаң сақтай отырып, қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуын қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.
5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті салық

төлеушілердің қызметін тексерістер жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына сақтандыру жарналарының толық және уақытылы төленуі мәселелерін міндетті түрде тексеріп, кейін халықты әлеуметтік қорғау органдарына хабарлайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 6 ақпандағы

N 167 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорының 1997 жылға арналған бюджеті
КІРІСТЕР

млн. теңге

Жұмыс берушілердің, меншік нысаны мен қызмет түрлеріне қарамастан
кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтардың сақтандыру жарнасының
аударымы 6630,0

Кірістердің жиыны 6630,0

ШЫҒЫСТАР

1. Еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты
жәрдемақы (оның ішінде еңбек жарақаты мен
кәсіби ауруларға байланысты) 4282,0

2. Жүктілігіне және босануына байланысты
жәрдемақы 2022,0

3. Бала туғанда берілетін жәрдемақы 191,0

4. Жерлеуге берілетін жәрдемақы 81,0

5. Сауықтыру қызметтері 54,0

Шығыстардың жиыны 6630,0